

Қазақстан Республикасының Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиациялық инспекциясы (Мемавиақадағалау) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық регистрі (Мемавиарегистр) туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 қаңтар N 31. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.12. N 234 қаулысымен. ~P990234

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасы авиациясының қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 U952697_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат) және "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет туралы" 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 1563 P961563_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

<*>

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі (Мемавиарегистр) туралы ереже бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.12.23.

N 1322 қаулысымен.

P981322_

2. "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет туралы" 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 1563 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 52, 500-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

- 3-тармақтың екінші және үшінші абзацтары "азаматтық" деген сөзден кейін "және эксперименттік" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 21 қаңтардағы
N 31 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
авиациялық регистрі (Мемавиарегистр) туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі (бұдан әрі - Мемавиарегистр) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Мемавиарегистрдің қызметі Қазақстан Республикасының аумағында әуе тасымалын, авиациялық жұмыстарды, азаматтық және эксперименталдық авиацияның әуе кемелерін, олардың жабдықтары мен агрегаттарын пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді, азаматтық авиация әуе кемелерінің әуежайларында жолаушыларды, багажды, жүктерді қабылдауды, шығаруды және ұстауды, әуе қозғалысын басқаруды және әуе трассалары мен аэродром аймақтарында радиолокацияны, радионавигация мен электр байланысын пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қолданылады.

3. Мемавиарегистр өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық ұйымдардың стандарттарын, нормаларын және қағидаларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Мемавиарегистрдің қызметкерлері Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы үшін белгіленген нысанды киіммен, қызметкерлердің санаттары үшін тиісті айырым белгілерімен және мемлекеттік рәмізбен қамтамасыз етіледі, оларды қызметкерлер қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде тағып жүруі

міндетті.

5. Мемавиарегистр заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, сондай-ақ тиісті бланкілері мен мөртаңбалары болады.

6. Мемавиарегистрдің қызметін қаржыландыруды Комитет, сондай-ақ Мемавиарегистрдің негізгі функцияларын орындауына қайшы келмейтін болса, оның шаруашылық қызметі қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

II. Мемавиарегистрдің мақсаттары мен міндеттері

7. Мемавиарегистрдің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі саласында халықаралық стандарттармен, нормалармен, қағидалармен және ұсынымдармен бірыңғай, үйлесімді мемлекеттік сертификаттау жүйесін қалыптастыру және мемлекеттік тізілімдерді жүргізу болып табылады.

8. Мемавиарегистрдің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

әуе кемелерін, әуежайлар мен аэродромдарды, аэронавигация кешенін пайдаланушыларды, әуе трассаларын олардың жер бетіндегі техникалық жарақтау объектілерімен, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу базаларымен (орталықтарымен) бірге сертификаттауды және азаматтық авиацияның авиациялық қызметкерлерін даярлауды ұйымдастыру және жүргізу;

әуе кемелері ұшуларының қауіпсіздігі және әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі стандарттардың, нормалардың, қағидалар мен талаптардың қолданылуын қамтамасыз ету;

әуе кемелері мен азаматтық авиация аэродромдарының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

пайдаланушылар мен техникалық құралдарды сертификаттауға байланысты стандарттардың, техникалық шарттардың, нормалардың, ережелердің, қағидалардың, басшылықтардың, тәлімдемелердің, нұсқаулар мен рәсімдердің жобаларын әзірлеу;

Мемавиарегистрдің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының стандарттау органдарымен, Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйыммен (ISO), Халықаралық азаматтық авиация ұйымымен (ICAO), ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық авиация ұйымымен (МАҰ) өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

III. Мемавиарегистрдің функциялары

9. Мемавиарегистр өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және заңда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

әуе кемелерін, аэродромдарды, әуежайларды, аэронавигация кешенін, оларды пайдаланушыларды сертификаттау және тіркеу саласында стандарттардың, техникалық шарттардың, нормалардың, қағидалардың, тәлімдемелердің, ережелердің, басшылықтардың, нұсқаулықтар мен рәсімдердің, әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларының және аэродромдарды пайдалану жарамдылығы нормаларының жобаларын әзірлейді және оны тиісті мемлекеттік органға бекітуге енгізеді, сондай-ақ олардың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады;

әуе кемелерін, аэродромдарды, әуежайларды, аэронавигациялық кешенді және оларды пайдаланушыларды сертификаттау және тіркеу саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарға, әуе кемелерінің ұшу жарамдылығының нормаларына, оларды мемлекеттік нормалар мен қағидаларды жетілдіру үшін пайдалану мақсатында, талдау жүргізеді;

- азаматтық авиацияға арналған азаматтық әуе кемелері мен аэродромдардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізеді, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеу туралы тиісті куәліктерді ресімдейді және береді;

әуе кемелерін, әуежайлар мен аэродромдарды, аэронавигация кешенін, әуе трассаларын олардың жер бетіндегі техникалық жарақтау объектілерімен, азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу базаларымен (орталықтарымен) бірге сертификаттауға әзірлеу және оны жүргізу рәсімдерін жүзеге асырады;

тиісті куәліктер (сертификаттар) беруді ресімдейді және дайындайды, олардың қолданылып жүрген нормалар мен талаптарға сәйкестігін анықтау жөнінде қажетті тексерулерді жүзеге асырады;

азаматтық және эксперименталдық әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркеулік танымалдық және қосымша белгілерді (рәміздерді, жазбаларды, эмблемаларды) берудің тәртібін әзірлейді және оны қолданысқа енгізеді, олардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

үлгілік конструкцияларды әзірлеушілермен бірлесіп Қазақстан Республикасы өндірісінің азаматтық әуе кемелерінің жаңа үлгілеріне, олар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігіне зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарынан өткен соң, сертификаттау жүргізеді;

үлгі сертификатын ресімдейді және береді;

шетел мемлекеті берген әуе кемесінің ұшу жарамдылығының сәйкестік сертификатына (куәліктеріне) оның, Қазақстан Республикасының талаптары мен

стандарттарына сәйкестігіне сараптама жүргізеді және осы сертификаттардың Қазақстан Республикасында күші бар екендігін тану мүмкіндігі туралы қорытынды береді;

авиациялық техникаға, әуе қозғалысының жабдықтары мен техникалық құралдарына, әуежайлардың (аэродромдардың) объектілеріне қойылатын талаптар мен техникалық шарттарды әзірлеуге қатысады, олардың сақталуын бақылайды;

азаматтық авиацияның қызметін реттейтін әзірленетін тәлімдемелердің, нұсқаулықтардың, ережелердің Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген стандарттарға, нормалар мен талаптарға сәйкестігін келіседі;

қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін өзге де функцияларды орындайды.

IV. Құқықтары

10. Мемавиарегистрдің:

заңды және жеке тұлғалардан өзінің қызметіне қатысты коммерциялық құпияға жатпайтын қажетті құжаттарды, материалдарды, ақпаратты, анықтамалық және басқа да деректерді сұрауға және алуға;

әуе кемелерін пайдаланушылар мен азаматтық авиация объектілерін сертификацияланған қызмет жөнінде ақиқат ақпарат алу мақсатында инспекциялауға;

қызметі азаматтық авиацияға байланысты заңды және жеке тұлғалардың азаматтық авиация саласындағы сертификаттау және тіркеу мәселелері бойынша қолданылып жүрген талаптарды орындауын бақылауға;

азаматтық авиацияның қызметін реттейтін белгіленген нормаларды, қағидаларды, стандарттар мен талаптарды бұзу фактілері анықталған жағдайларда бұл жолсыздықтарды жоюды талап етуге, пайдаланушыға берілген куәліктің (сертификаттың) қолданылуын тоқтата тұруға;

пайдаланушыдан куәлікті (сертификатты) тоқтата тұрғаннан кейін белгіленген нормаларды, қағидаларды, стандарттар мен талаптарды бұзу фактілерін белгіленген мерзімдерде жоймаған жағдайда, оны алып қоюға;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының барлық пайдаланушылары мен әуе кеңістігін пайдаланушылардың орындалуы міндетті нұсқаулықтар, қағидалар, ережелер мен басқа да нормативтік құжаттар шығаруға;

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын стандарттау, метрологиялық қамтамасыз ету және сертификаттау саласындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру жөнінде

ұсыныстар әзірлеуге және оны уәкілетті органның бекітуіне енгізуге;

Мемавиарегистрге жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау кезінде шетелдіктерді қоса алғанда, шарттық негізде басқа ұйымдарды және олардың мамандарын тартуға құқығы бар.

V. Мемавиарегистрдің қызметін ұйымдастыру

11. Мемавиарегистрді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

12. Төрағаның Мемавиарегистр төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

13. Төраға Мемавиарегистрге дара басшылық негізінде басшылық жасайды және Мемавиарегистрге жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына бүкіл толық жауапкершілікте болады.

14. Мемавиарегистрдің құрылымы мен штат санын Комитет бекітеді.

15. Мемавиарегистрдің төрағасы:

осы Ережемен өзіне жүктелген тапсырмалардың, функциялар мен міндеттердің орындалуының сапасы мен уақытылығы үшін, куәліктердің (сертификаттардың) негізсіз берілгені, сондай-ақ шетел сертификаттарының қолданылуын тану үшін жеке жауапкершілікте болады;

өзінің орынбасарлары мен Мемавиарегистр қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөледі, Мемавиарегистрдің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

Мем авиарегистр аппаратының, оның құрылымдық бөлімшелері мен өкілдіктерінің қызметкерлерін келісім-шарттық негізде қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда Мемавиарегистрдің мүдделерін білдіреді, шарттар мен келісімдер жасайды, банктерде шоттар ашады, берілген құқықтар мен өкілеттіктердің шегінде Мемавиарегистрдің кірістері мен мүлкіне билік етеді;

өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Мемавиарегистрдің қызметкерлері мен азаматтық авиация объектілерін пайдаланушылардың орындауы міндетті бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді.

